

**Әдістемелік кеңес отырысы  
Хаттама №1**

Уақыты: «08» тыңсезу 2023ж  
Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел  
Әдістемелік кеңес төрайымы: А.Туленова  
Хатшы: М.Нускабаева  
Қатысқаны:8  
Қатыспағаны:-

**Күн тәртібінде:**

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:  
- перспективалық жоспарын талқылау; Әдіскер А.Туленова
2. МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары Әдіскер А.Туленова
5. Ағымдағы мәселелер. Әдіскер А.Туленова

**Тыңдалды:** Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:  
- перспективалық жоспарды талқылау және бекіту

**Сөйледі :** Әдіскер А.Туленова 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде балабақшада өтпелі тақырыптар жасалынып, бекітілді. Өтпелі тақырыптар балалардың жас ерекшеліктерін, балабақшаның тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытуға бағытталған. Педагог-мамандар перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрайды, нақты жас тобының перспективалық жоспарында педагог-маманның жоспарына сілтеме жасалады.

Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиешілер өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар жазады.

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы, т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылады деп атап кетті.

**2. Тыңдалды:**

МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары

**Сөйледі:** Әдіскер А.Туленова биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:

- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеуге;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;
- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;
- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған 5 білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі деп нақты атап өтті.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

- 1-деңгей – бала сол немесе басқа қимылдарды қайталай алады;
- 2- деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді;
- 3- деңгей – бала өзінің жасай алатынын қолданады деп нақты атап кетті.

### **3.Тыңдалды:** Ағымдағы мәселелер.

**Сөйледі:** Әдіскер А.Туленова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қыркүйек айында өтетін Тілдер мерекесіне барлық топтарда тақырыптық тәрбиелік шаралар ұйымдастырылсын және ата-аналарға мәліметтер берілсін. Қарттар күніне орай сурет көресі мен «Атадан балаға мұра» тақырыбында аталар сайысы ұйымдастырылады. Ұйымдастырылып, өткізілуіне жетекшісі С.Жүнісбекова мен әдіскер жауапты. Денсаулық күніне орай «Әкем, анам және мен» спорттық жарыс жоспары жасалынып, бекітілсін. Қазан айында «Алтын күз» мерекесіне музыка жетекшісі мен тәрбиешілер сценарилерін дайындап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді.

### **Шешім:**

1. Перспективалық жоспар 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толықтырылсын.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақталуын қадағалау.

Әдістемелік кеңес төрайымы

Хатшы:



Әдіскер А.Туленова  
М.Нускабаева

**Әдістемелік кеңес отырысы  
Хаттама №2**

**Уақыты:** «12» «қазан» 2023ж

**Жүргізілу түрі:** Дөңгелек үстел

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

**Хатшы:**

**Қатысқаны: 8**

**Қатыспағаны:**

**Күн тәртібінде:**

- |                                                                                    |                    |
|------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| 1. «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» Баяндама | Әдіскер А.Туленова |
| 2. Өткізілген ашық оқу қызметінің қорытындысы                                      | Әдіскер А.Туленова |
| 5. Ағымдағы мәселелер.                                                             | Әдіскер А.Туленова |

**1.Тыңдалды: Балабақша Әдіскер А.Туленова**

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындығын айтып өтті. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады деді. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет деп атап өтті. Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «Физикалық дамыту» білім беру саласында көрсетілгенін, «Физикалық дамыту» білім беру саласының мақсаты: өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру, қозғалыс белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру деп атай келе берілген баяндаманы егжей – тегжейлі тәрбиешілерге түсіндіріп өтті.

**2. Тыңдалды: Меңгеруші Н.Омарова** сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін, балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түргіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

**1 Сөз сөйлегендер:** Әдіскер А.Туленова ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті

**3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.**

**Сөйледі:** Әдіскер А.Туленова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында болатын Тұңғыш президент, Тәуелсіздік күні қарсаңында ата-аналармен көрме ұйымдастырылады, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп, балаларға мәлімет

берілсін. Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жаңа жыл мерекесінің сценарийін музыка жетекшісі дайындап, топтарға тарқатып берсін. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

**Шешім:** 1.МДҰ салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сауықтыру – шынықтыру шаралары қолға алынсын

2.Жас мамандар ашық оқу қызметіне қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.

3. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



*А.Туленова*  
*М.Нускабаева*

А.Туленова

М.Нускабаева

## Педагогикалық кеңес № 1

Өткен күні: «» «» 2023ж

Қатысқандар: 6

Қатыспағандар 2

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. № 1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

Медбикенің жазғы-сауықтыруының есебі

Жауапты: медбике Б.Адигаппарова

2. Жазғы-сауықтыру жұмысының қорытындысы

Жауапты: әдіскер А.Туленова

3. 2023ж. балабақша түлектерінің мектепке бару қорытындысы

Жауапты: тәрбиешілер А.Султанбекова

Әдіскер А.Туленова

Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы

Жауапты: психолог \_\_\_\_\_

4. 2023 – 2024 оқу жылына бөбекжай-бақша жұмысының жылдық міндеттерін бекіту.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

5. Жаңа 2023 – 2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқу жоспарларын бекіту.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

Әдіскер А.Туленова

6. Күн тәртібін, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

7. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырма беру және бекіту.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

8. Республикалық “Интеллектум” эксперименттік алаңы бойынша топтарды бекіту.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

9. “Эмоционалдық интеллект” эксперименттік алаңы бойынша топтарды бекіту.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

10. Сарапшылық кеңестің құрамын сайлау.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

11. Аттестация комиссиясының құрамын сайлау.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

12. Дамыту орталықтарының құрамын бекіту.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

13. Шығармашылық топ мүшелерін сайлау.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

14. Педагогикалық этикет бойынша кеңестің мүшелерін қосымша сайлау.

Жауапты: меңгеруші Н.Омарова

15. Өртүрлі тақырыптарды талқылау.

### **ТЫҢДАЛДЫ.**

1. Бөбекжай-бақша меңгеруші Н.Омарова сөз алып күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті.
2. 2022 - 2023 оқу жылы бойынша есеп берді, атқарылған жұмыстарды атап өтті.
3. Медбике жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысының есебімен таныстырып өтті.
4. Әрі қарай әдіскерлер жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын атап өтті.
5. 2023ж. балабақша түлектерінің мектепке кету қорытындысымен тәрбиешілер, әдіскер таныстырып өтті.
6. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделуі кезеңінің қорытындысымен психолог таныстырып өтті.
7. Жаңа 2023 - 2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстырып және 2023- 2024 оқу жылына бөбекжай-бақша міндеттерін меңгеруші Н.Омарова бекітті.
8. Күн тәртібін, ҮІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды меңгеруші Н.Омарова бекітті.
9. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырманы беріп меңгеруші Н.Омарова бекітті.

10. Республикалық “Интеллектум” эксперименттік алаңы бойынша топтарды меңгеруші Н.Омарова бекітті.
11. “Эмоционалдық интеллект” эксперименттік алаңы бойынша топтарды меңгеруші Н.Омарова бекітті.
12. Сарапшылық кеңестің құрамын меңгеруші Н.Омарова сайлады.
13. Аттестация комиссиясының құрамын меңгеруші Н.Омарова сайлады.
14. Дамыту орталықтарының құрамын меңгеруші Н.Омарова бекітті.
15. Шығармашылық топ мүшелерін меңгеруші Н.Омарова сайлады.
16. Педагогикалық этикет бойынша кеңестің мүшелерін меңгеруші Н.Омарова қосымша сайлады.
17. Өртүрлі мәселелер талқыланды.

### **ШЕШІМІ:**

1. «Хадиша ана»бөбекжай-бақша меңгеруші Н.Омарова жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Медбикенің жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. 2023жылғы бөбекжай-бақшаның түлектерінің мектепке түсу қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Қорытынды педагогикалық кеңесіне даярлық сынып оқушылары балабақша түлектерінің оқу нәтижелерін бақылау және жариялау. Жауапты - тәрбиешілер: А.Султанбекова.А.Ескалиева
5. Балабақшаға жаңа қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Психологтың ұсыныстары ескерілсін. Тәрбиешілер ата-аналар мен балаларды үнемі балабақшаға келуге ынталандырсын.
6. 2023 - 2024 оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
7. Жаңа оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
8. Күн тәртібі, ҰІӨ кестесі бекітілсін.
9. 2023 - 2024 оқу жылына арналған вариативті компоненттегі білім беру үдерісіне келесі авторлық бағдарламалар мен әдістемелік ұсыныстар бекітілсін.
10. Тәжірбиелік алаңдарға арналған топтар бекітілсін.

11. Республикалық “Интеллектуум” тәжірбиелік алаңы;
12. Облыстық инновациялық алаң “Эмоционалды интеллект”;
13. Дамытушы орталықтар бойынша бөлінген педагогтер бекітілсін;
14. Аттестация комиссиясының құрамы бекітілсін

Төрайымы - \_\_\_\_\_;

Комиссия мүшелері - \_\_\_\_\_;

Хатшы - \_\_\_\_\_.

15. Сараптамалық кеңестің құрамы бекітілсін:

Төрайымы - \_\_\_\_\_;

Кеңес мүшелері - \_\_\_\_\_;

Психолог - \_\_\_\_\_;

Ата-аналар комитетінің төрайымы: \_\_\_\_\_;

Жоғары санатты тәрбиеші - \_\_\_\_\_;

Дене шынықтыру нұсқаушысы - \_\_\_\_\_.

16. Шығармашылық топ бекітілсін

Жетекшісі - \_\_\_\_\_;

Топ мүшелері - \_\_\_\_\_;

Хатшы - \_\_\_\_\_.

17. Хатшылар бекітілсін,

Педагогикалық кеңестің хатшысы - \_\_\_\_\_;

Меңгеруші жанындағы өндірістік жиналыс хатшысы - \_\_\_\_\_;

Семинарлар, кеңестер хатшысы - \_\_\_\_\_;

Ашық есіктер хатшысы - \_\_\_\_\_.

18. Педагогикалық этика бойынша кеңестен шығып кеткен мүшелері толықтырылсын және бекітілсін.

Психолог - \_\_\_\_\_;

\_\_\_\_\_ санатты тәрбиеші - \_\_\_\_\_;

19. Мамандардың жұмыс кестелері бекітілсін.

20. Қызметкерлерді топ бойынша орналастыру бекітілсін.

21. Бөбекжай-бақша жұмысында негізге алынсын.

а)

б)

в)

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшы:



*Сморова Н. А.*

*А. А. А. А.*

**Әдістемелік кеңес отырысы  
Хаттама №3**

Уақыты: 14.12 2023ж

Жүргізілу түрі: Дөнгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы: А.Туленова

Хатшы: М.Нускабаева

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны:

**Күн тәртібінде:**

1. Қоршаған ортамен танысу, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы Әдіскер А.Туленова
2. Өткізілген ашық оқу қызметінің қорытындысы Әдіскер А.Туленова
5. Ағымдағы мәселелер. Әдіскер А.Туленова

**1.Тыңдалды: Балабақша Әдіскер А.Туленова**

Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймын. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл – күймен қатар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б. сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу басшылыққа алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірі табиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұғымдарды нақты түрде меңгеру ұсынылады. Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір – бірінсіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер құдіреті көп болмақ деген ойдамын деп баланың эстетикалық талғамының, табиғатқа деген әсем сезімнің қалыптасуының маңызын түсіндіріп өтті.

**2. Тыңдалды: Меңгеруші Н.Омарова** сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

**1Сөз сөйлегендер:** ӘдіскерА.Туленова ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

**3.Тыңдалды:** Ағымдағы мәселелер.

**Сөйледі:** ӘдіскерА.Туленова алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қаңтар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және қаңтар, ақпан айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу парағын толтырып отыруларын айтты. Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына тыңғылықты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабақтастығы, ересек топ балаларының мектеп кітапханасына саяхатқа баруы, оны дұрыс ұйымдастыру туралы айтып, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты.

**Шешім: 1.** Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу қолға алынсын.

2.Жас мамандар ашық оқу қызметіне қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.

3. Қаңтар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы берілсін.

**Әдістемелік кеңес тарапымы:**  
**Хатшы:**



*А.Туленова*  
*М.Нускабаева*

А.Туленова  
М.Нускабаева